



Автор: Қазбаева Айгүл Сатбайқызы

Пән: Дүниежүзі тарихы

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Сауда, қолөнер және әлемді игеру

Тақырып: Ұлы географиялық ашулар әлемді қалай өзгертті?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.2.4.3. картадан ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы саяхатшылардың негізгі бағыт-бағдарларын белгілей отырып, Ұлы географиялық ашулардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын анықтау. 6.3.2.7. «отаршылдық саясат» ұғымын түсіндіру (Испания мен Португалияның жаулап алу мысалында)
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: - Ұлы географиялық ашулардың нәтижесін , Еуропа мен Америкадан бастау алған отаршылдық саясат мәнін анықтайды. Оқушылардың басым бөлігі: - Картадан саяхатшылардың жүріп өткен бағыттарын көрсетеді. Кейбір оқушылар: - Ұлы географиялық ашулардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын дәлелдейді.
Тілдік мақсаттар:	Негізгі ұғымдар мен тіркестер: карта, каравелла, навигациялық құралдар, Америка, географиялық ашулар, Христофор Колумб, Америго Веспуччи, Всако да Гама, отарлық экспанция 1. Тыңдалым дағдысы: Оқушылар бейнероликке өз пікірін білдіре отырып, Ұлы географиялық ашулардың адамдардың әлем туралы түсінігінің өзгеруіне негіз болғанын түсінеді. 2. Оқылым дағдысы: Оқушылар тақырыпты оқып, қажетті ақпараттарды жинақтайды. 3. Айтылым дағдысы: Оқушылар Еуропа мен Америка халқының отаршылдық саясат жүргізуіне Ұлы географиялық ашулардың негіз болғанын анықтайды және оның салдарын талдайды. 4. Жазылым дағдысы: оқушылар алған білімдерін пайдалана отырып, кескін картаға саяхатшылардың жүріп өткен жолдарын сызып түсіреді.
Күтілетін нәтиже:	Барлық оқушылар: - Ұлы географиялық ашулардың нәтижесін , Еуропа мен Америкадан бастау алған отаршылдық саясат мәнін анықтайды. Оқушылардың басым бөлігі: - Картадан саяхатшылардың жүріп өткен бағыттарын көрсетеді. Кейбір оқушылар: - Ұлы географиялық ашулардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын дәлелдейді.
Бағалау критерийлері:	Барлық оқушылар: - Ұлы географиялық ашулардың нәтижесін , Еуропа мен Америкадан бастау алған отаршылдық саясат мәнін сипаттайды. Оқушылардың басым бөлігі: - Картадан саяхатшылардың жүріп өткен бағыттарын көрсете алады. Кейбір оқушылар: - Ұлы географиялық ашулардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын зерттейді.
Құндылықтарды дарыту:	Ұлттық салт-сана, Қазақстандық және әлемдік мәдениет құндылықтары негізінде өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Оқушылар бейнероликке өз пікірін білдіре отырып, Ұлы географиялық ашулардың адамдардың әлем туралы түсінігінің өзгеруіне негіз болғанын түсінеді.
Пәнаралық байланыс:	География. (География ғылымының дамуы)
Бастапқы білім:	Қытайлықтар мен еуропалықтардың теңіз саяхаттарының айырмашылығы неде?

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	<p>1. Сәлемдесу 2. Оқушыларды түгендеу 3. Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: «Жүректен жүрекке» (Сабақ басталар алдындақолданамыз. Әр оқушы стикерге өзінің ең жақын адамынан естіген еңжылы сөзді жазу және жүрекке орналастыру.) «Пазл» әдісі арқылысыныпты КАРТА, КОМПОС, КАРАВЕЛЛА суреттері арқылы үш топқа бөлемін.М. Жаттығудың психологиялық мәні: Қатысушылар ойын түріндекомандада тиімді әрекет жасауға, рөлдерді бөлуге, жұмыс сапасынжақсартуға, ортақ мақсатқа жетуге үйренеді. БЫМ.«Кинометофора әдісі»Экраннан көрсетілген бейнеролик желісімен эвристикалық әңгіме арқылысабақ тақырыбы мен мақсатын анықтаймыз. 1. Бейнематериалдағы әңгімене туралы деп ойлайсыңдар ? 2. География пәнінен қандай теңізсаяхатшылары туралы білесіздер? 3. Ұлы географиялық ашуларға қандайжағдайлар себеп болды? 4. Мұхиттарды кемемен жүзіп өтіп, жаңажерлерді ашу үшін теңіз саяхатшыларына қандай қасиеттер тән? 5.Географиялық ашулар салдарынан қандай жағымсыз өзгерістер болуымүмкін? (Осы берілген сұрақтар үй тапсырмасымен тығыз байланысыпжатыр) ҚБ: оқушылардың дұрыс жауаптарын мадақтау "Үш шапалақ" М.Оқушылардың болжам жауаптары арқылы басты зерттелетін мәселеге ой шоғырландырылады.Сабақ тақырыбы мен оқу мақсаттары таныстырылғаннан кейін бағалау критерийлеріне, зерттеу сұрағына назар аударылады</p>	Сілтеме: https://bilimland.kz/kk/courses/education-movies/izvestnye-imenam/lesson/ajgili-sayakhatshylar
---------------	--	---

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Ұлы географиялық ашулар мен оның нәтижелері рөлдік ойын арқылы меңгеріледі. Компос таңдаған топ «Саяхатшылар», карта таңдаған топ «Тарихшылар», каравелла суретті таңдаған топ «Эксперттер» тобы болып жұмыстанады. Т. «Саяхатшылар» тобы «Резюме» әдісімен Х.Колумб, Ф.Магеллан, В.Гамманың өмір баяны, қызметі, саяхаттарын картадан көрсетіп әңгімелейді. «Тарихшылар» тобы Ұлы географиялық ашулардың маңыздылығымен нәтижелерін талдайды. «Ойлан. Жұптас.Талқыла» әдісі . Оқулықтағы мәтінмен, қосымша ақпаратпен (ресурс) танысады, ойбөліседі. Жұп құрып, жауаптарын салыстырады, түсіндіреді. «Эксперттер» тобы екі топтың жұмысына «SWOT» әдісі арқылы сараптама жүргізіп, дәлелдер келтіреді, қорытындылайды. Оқушылар тарихи оқиғаны ойлегінен өткізіп, баға беруге дағдыланады. «SWOT» әдісі Ұлы географиялық ашулардың нәтижелері бойынша оң және теріс салдарларын анықтап, кестеге түсіреді Күшті жақтары Әлсіз жақтары Еуропалық білім мен ғылымның дамуы мен таралуына жол ашылды. рухани және материалдық мәдениет жетістіктерімен өзара алмасу Сауда ісі дамыды Еуропаға бағалы асыл тастар мен металдар тасылды. Құлсаудасы күшейді Жұқпалы аурулар халық арасында тарайды Мүмкіндіктер Қауіптер Сауда жолдарының Жерорта теңізінен мұхиттарға ауысты. Еуропалық мемлекеттер жаулап алу есебінен байыды. Колумб айырбасы -1492 жылы Колумбтың Американы ашу нәтижесінде Ескі Жерден Жаңа жерге және керісінше өсімдіктер мен жануарлардың, технология мен мәдени жетістіктердің көп түрінің, сондай-ақ тұрғындар тобының (соның ішінде құлдарды қоныстандыру) орын алмасуы Еуропалық отаршылдық саясат басталды. Отаршылдық саясат – бұл әскери, саяси және экономикалық күштеп мәжбүрлеу арқасында өзге елдер мен халықтарды құлдыққа түсіру және қанау саясаты. Ұлы географиялық ашулар соғыс пен тоңаушылыққа себеп болды. Майя, Инктер, Ацтекелдерінің тайпасы мен мәдениетінің жойылуына алып келді. Дескриптор Білім алушы - Ұлы географиялық ашулардың нәтижесінің күшті жақтарын анықтайды; - Ұлы географиялық ашулардың нәтижесінің мүмкіндіктерін анықтайды; - Ұлы географиялық ашулардың нәтижесінің әлсіз жақтарын анықтайды; - Ұлы географиялық ашулардың нәтижесінен туындаған қауіптерді болжайды. ҚБ: «Автобус билеті» әдісі Оқушылар сұрақтарға белсенді жауап берген жұптарға мадақтау сөздер жазылған автобус билеттерін таратады Т. Тапсырма 1 Берілген суреттер негізінде саяхатшылардың теңіз экспедицияларындағы саяхатын кестеде анықтаңыз. Саяхатшының аты Теңіз саяхаттарының нәтижесі Ф. Магеллан Х. Колумб А. Веспучи Дескриптор Білім алушы - Ф. Магелланның саяхаттарының нәтижесін жазады; - Х. Колумбтың саяхаттарының нәтижесін жазады; - А. Веспучи саяхаттарының нәтижесін жазады. Тапсырма 2. Ж. Саяхатшылардың жүріп өткен теңіз жолдарын кескін картаға түсіріңдер. (Ф. Магеллан, Х. Колумб, В. Гамма) Ж. Картамен жұмыс жасау. Алған білімдердің негізінде оқушылар саяхатшылардың жүріп өткен теңіз жолдарын кескін картаға түсіруі тиіс. Дескриптор Білім алушы - Ф. Магелланның саяхаттарын кескін картаға түсіреді; - Х. Колумбтың саяхаттарын кескін картаға түсіреді; - А. Веспучи саяхаттарын кескін картаға түсіреді; Тапсырма 3. Д. Суретті талдауға арналған аналитикалық жұмыс парағы 1-қадам. БАҚЫЛАУ А. Суретті 2 минут ішінде зерттеңіз. Суреттен алған жалпы әсерді сипаттаңыз, содан соң оның жеке элементтерін зерттеңіз. Суретті жеке бөліктерге бөліп, оның әр элементін зерттеңіз. В. Суреттегі адамдар, нысандар және іс-әрекеттерді анықтау үшін төмендегі кестені қолданыңыз. Адамдар Нысандар Іс-әрекеттер 2-қадам. Қорытынды Өз бақылауларыңыздың негізінде негізгі үш нәрсені көрсете отырып, суреттен қорытынды шығарыңыз 3-қадам. Сұрақтар А. Бұл сурет сізде қандай сұрақтар тудырады? В. Оларға жауаптарды қайдан таба аласыздар?</p>	<p>Сілтеме : Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы/- Назарбаев Зияткерлік Университеті, 2014 http://www.what-who.com/v/velikaya-geograficheskie-otkrytiya.html https://ikaz.info/uly-geografiyalyk-ashylular-zhanelardy-natizheleri/ https://ikaz.info/uly-geografiyalyk-ashylular-zhanelardy-natizheleri/ http://www.what-who.com/v/velikaya-geograficheskie-otkrytiya.html</p>
------------------------	--	---

Сабақтың соңы	<p>Қорытындылау «ПОПС» әдісі Сабақтың түйінді сөзін оқушылардан сұрау. Оқушылардың өзіндік пікір мен көзқарастарын айта білу дағдысын қалыптастыру үшін қолданамын. «ПОПС» әдісі 1.Пікір 2.Дәлел 3.Мысал 4.Қорытынды Дескриптор Білім алушы - мәселедегі басты маңызды себепті сипаттайды; - мәселені мысалдармен дәлелдейді; - мәселе бойынша қорытынды жасайды.</p>	<p>«Сын тұрғысынан ойлау білім үрдісінде» оқу-әдістемелік құрал. Редакциялаған:З.У.Имжарова. Ақтөбе,2012ж(60-61 бет) https://commons.wikimedia.org/wiki/File:Kazakhstan_locator_blank.s</p>
Рефлексия	<p>Рефлексия: Х.Колумб аралына саяхат. Сен қайсы аралға саяхат жасағың келеді? Бағалау: Кері байланыс пен қалыптастырушы бағалауды сабақ барысында жүзеге асырып отырамын. Үйге тапсырма: 23. Ұлы географиялық ашулар. 1. Тақырыптың соңындағы сұрақтарға жауап әзірлеу 2. Саяхаттардың біріне қатысқан теңізшінің атынан эссе жазу. (30-40 сөз) 3. «Ұлы саяхатшылар» тақырыбында буклет әзірлеу.</p>	